

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:  
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:  
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378  
ББК 74.58  
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

**Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.**

**ISBN 978–601–337–389–8**

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378  
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020  
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

## ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Бердиярова Ж.С.**

(zhamilka85@mail.ru)

заң ғылымдарының кандидаты,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультеті азаматтық,

еңбек және экологиялық құқық кафедрасының доценті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі кезде ақпараттық жүйенің, түрлі технологиялардың пайда болуы мен дамуы нәтижесінде қашықтықтан оқыту нысаны арқылы білім алу кең етек жайды. Осы кезде көпшілік қашықтықтан оқыту нысанын ХХІ-ші ғасырдың білім беру жүйесі деп те атайды. Қашықтықтан оқыту нысаны күні бүгінде өзіндік үздіксіз білім алуға, көпшіліктің уақыттық не болмаса кеңістік шеңберіне қарамастан ақпараттармен алмасуына мүмкіндіктер ашты. Қашықтықтан оқыту жүйесі ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге, Ғаламтор жүйесін пайдалануға қабілеттілікті арттырады. Сондықтанда кез келген жерде, үйде болсын, жұмыс орнында болсын, табиғатта болсын Ғаламторға қосылу арқылы, on-line түрде білім алуға мүмкіндіктер туындайды. Қашықтықтан оқыту нысанының дәстүрлі білім беруден де айырмашылығы мен маңызды басымдығы да осыда. Сондай ақ қашықтықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан, кез келген адамға елдің не елден тыс жерлерде білім алуға не болмаса ақпараттар алуға құқығын іске асыруға теңдей мүмкіндіктер береді. Бұл қашықтықтан оқытудың қазіргі кезде маңызды екендігін және оның үлкен сұранысқа ие екендігіне дәлел болып отыр.

Сонымен, қашықтықтан оқыту дегеніміз – оқу үдерісіне тән барлық компоненттерді көрсететін және оқытушы мен білім алушының арасында қашықтықта іске асырылатын оқытудың нысаны болып табылады.

Қазіргі кезде қазақстандық жоғарғы оқу орындарында қашықтықтан оқыту – технологияның бір түрі ретінде көрініс тауып отыр. 2007 жылы 27 шілдеде қабылданған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1 -бабына сәйкес: «қашықтықтан білім беру технологиясы білім алушы мен педагогтің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту»[1] болып табылады.

Осыған сәйкес, қашықтықтан оқыту технологияларына – білім алушыларға оқу материалдарын кейс-технологиялар, CD-ROM, DVD мультимедиялық дискеталар арқылы көрсетуді білдіреді. Мұндай технологиялар көбінесе күндізгі оқу нысанында дәрістер оқу барысында, семинар, тренингтер, бақылау жұмыстары мен кеңестер беру барысында қолданылады.

Оқытушымен сұхбаттасудың бір бөлігі, сонымен қатар электрондық кітапханалар мен жоғары оқу орынының мәлімет базасынан ақпарат алу ғаламтор арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Заманауи желілік технологиялар – жоғары оқу орындарының ғаламтор-серверлерінде орналастырылған компьютерлік оқу бағдарламалары және электронды оқулықтарды қолдану болып табылады. Сондықтанда ғаламтор арқылы байланысқа шығуға болады, аралық және қорытынды тесттер тапсыруға мүмкіндік болады. өте аласыз. Бірқатар жоғары оқу орындары нақты уақыт режимінде дәрістер мен семинарлар өткізеді. Емтихандар студенттің тұратын жеріне жақын орналасқан жоғары оқу орнының оқу орталығында өткізіледі. Желілік оқыту дербес түрде және ақпараттық - білім беру ортасын қолдану негізінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Дей тұрғанымен, шет елдерде қашықтықтан оқыту – оқыту нысаны ретінде қарастырылады.

Қашықтықтан оқыту – нысан ретінде жаңа оқу түрі болып табылады. Қашықтықтан оқыту өзіндік, автономиялық оқыту жүйесі болып табылмайды. Қашықтықтан оқыту күндізгі оқыту секілді білім беру бағдарламасына сәйкес қалыптасады.

Қашықтықтан оқытудың белгілі бір компоненттік құрамы болады, атап айтқанда мақсаты, мазмұны, білім беру бағдарламасына сәйкестігі, әдістер, оқытудың ұйымдастырушылық нысандары мен құралдары айқындалады. Соңғы аталған компоненттер қашықтықтан оқыту барысында технологиялық негіздерді (компьютерлік телекоммуникациялар) пайдалану ерекшелігімен негізделеді.

Қашықтықтан оқыту кезінде материалды ұсыну нысаны, оқытушы мен білім алушының арасындағы өзара байланыс нысандары, білім алушылардың өзара байланыс нысандары күндізгі бөлімде оқыту нысанынан алдақайда өзгеше болып келеді.

Қашықтықтан оқытудың негізгі қағидаттары күндізгі оқытудың негізгі қағидаттарымен бірдей болғанымен, ұйымдастырушылық қағидаттары бөлек болып келеді. Ұйымдастырушылық қағидаттар көбінесе қашықтықтан оқытуға тән болып келеді, себебі ол ғаламтордың ақпараттық ортасының нысандары мен мүмкіндіктерімен, ғаламтордың қызмет көрсетуімен (чаттар, форумдар, пошта, бейнеконференциялар және т.б.) негізделеді.

Қашықтықтан оқытуды сипаттайтын белгілердің бірі болып модульдық, оқытушының рөлінің өзгеруі (оқытушы курсты әзірлеуші, тьютор сияқты қызметтерді атқарады), оқу үдерісінің субъектілерінің ара қашықтықпен бөлінуі, оқытудың виртуалды, заманауи арнайы технологиялары мен құралдарын, әдістерін пайдалану танылады.

Қашықтықтан оқытуды мынандай негізгі салаларда қолданады:

- белгілі бір мамандық бойынша кадрлардың біліктігін арттыру;
- емтихандарды тапсыру үшін білім алушыларды дайындау;
- білім беруді ұйымдастыру;
- кадрларды кәсіби қайта даярлау;
- кәсіби даярлау және т.б.

Қашықтықтан оқыту білім берудің жаңа сатысы болып табылады және оның күндізгі және сырттай бөлімдерде қолданылуы қамтамасыз етіледі.

Қашықтықтан оқытудың сырттай оқытудан ерекше екендігін және айырмашылығы бар екендігін атаған жөн.

Қашықтықтан оқыту мен сырттай оқытудың айырмашылығы мынада: материалдың едәуір бөлігі өздігінен үйренбейді, бірақ оқытушымен үнемі байланыста болады (телефон және ғаламтор арқылы кеңестер, лекциялар мен семинарлар онлайн режимінде болады).

Сондай-ақ, оқытушымен үнемі байланыс, онымен туындаған мәселелерді, әдетте, телекоммуникацияны қолдана отырып, жедел талқылау мүмкіндігі болады.

Курс барысында және кез-келген уақытта пікірталастарды, жобалар бойынша бірлескен жұмыстарды және топтық жұмыстың басқа түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігі (бұл жағдайда топ бір ауданда ықшам тұратын студенттерден аарсында таратылуы мүмкін) болуы мүмкін. Бұл жағдайда студенттер телекоммуникациялар арқылы оқытушымен байланысады. Студенттерге теориялық материалдарды баспа немесе электронды оқу құралдары түрінде беру, бұл университетке келгеннен бастап сессиядан бас тартуға немесе олардың саны мен ұзақтығын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту мен сырттай оқытудың айырмашылығын қарастырайық. Бұл қашықтағы оқыту нысанын жүйелік және тиімді интерактивтілікті қамтамасыз ететіндігінде. Қашықтықтан оқыту күндізгі оқыту сияқты мақсаттар мен мазмұнға сәйкес құрылымдалған. Бірақ материалды ұсыну формалары мен оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесу формалары әртүрлі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың дидактикалық қағидалары (ғылыми сипат, дәйектілік пен жүйелілік, белсенділік, дамытушылық білім беру принциптері, білімнің көрінуі, саралануы және даралануы және т.б.) күндізгі оқу түріндегі қағидааттармен бірдей, бірақ оларды жүзеге асыру әртүрлі, бұл жаңа білім беру формасының ерекшеліктеріне және ғаламтордың ақпараттық ортасының мүмкіндіктері байланысты болып келеді.

Қашықтықтан оқыту мен күндізгі оқытудың айырмашылығы мынада: материалдың едәуір бөлігі дәрісханаларда емес, ғаламтор-технологиялар көмегімен қашықтықтан оқыту түрінде ұйымдастырылады.

Қашықтықтан оқытудың күндізгі оқытудан негізгі айырмашылықтары:

– тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша оқыту, демек, оқу процесінің бөлінген сипаты болады;

– ашық білім берумен толығымен ақысыз болатын немесе шектеулі бақылау пункттерімен (емтихан тапсыру, оқытушымен он-лайн сессиялар) немесе топтық сабақтармен, сонымен қатар жабдықтардағы зертханалық жұмыстармен байланысты болатын оқу процесінің икемді кестесі болады);

– оқытушымен байланыс, негізінен телекоммуникация арқылы болады.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың дәстүрлі білім беруден түбегейлі өзгешелігі, жаңа білім беру ақпараттық ортасын құратын білімнің және дағдылардың қандай түрін қажет екендігін студент біліп келеді.

Сондай-ақ, қашықтықтан оқытудың бір ерекшелігі тыңдаушыларға дамыған ақпараттық ресурстарды (мәліметтер базасы мен білім, компьютер, мультимедия, оқыту және басқару жүйелері, бейне және аудио жазбалар, электронды кітапханалар, сонымен қатар дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары) пайдалана отырып, тыңдаушыларға қажетті білім алуға мүмкіндік береді.

Тиімді кері байланыстың болуы білім алушыға білімсіздіктен білімге дейінгі жолдағы үлгерімінің дұрыстығы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Мотивация сонымен қатар кез келген қашықтықтан оқыту курсының маңызды элементі болып табылады.

Қазіргі уақытта қашықтықтан оқытудың алты негізгі моделі бар.

Бірінші модель – экстернат түрінде оқыту. Білім беру мектепке немесе университетке (емтиханға) қойылатын талаптарға бағдарланған және қандай да бір себептермен күндізгі оқу орындарына бара алмайтын оқушылар мен студенттерге арналған.

Екінші модель – бір университетте білім алу. Бұл стационарлық емес, бірақ қашықтықта, сырттай (ашық нысанда) оқытын немесе қашықтықтан оқытын студенттерге арналған жаңа ақпараттық технологияларға, соның ішінде компьютерлік телекоммуникацияларға негізделген тұтас білім беру жүйесі. Мұндай бағдарламалар әртүрлі білім беру аттестаттарын алу үшін қолданылады.

Үшінші модель – бұл бірнеше оқу орындарының ынтымақтастығы негізінде оқыту. Ол бірнеше білім беру ұйымдары үшін жетекші пәндер бойынша бірыңғай қашықтықтан оқыту бағдарламаларын бірлесіп дайындауды қамтамасыз етеді (елдің кез-келген аймағында және шетелде). Қашықтан оқыту бағдарламаларын дайындаудағы бұл ынтымақтастық оларды сапалы әрі аса қымбат емес етеді.

Төртінші модель – бұл студенттер әртүрлі бағытта білім ала алатын ашық немесе қашықтықтан оқыту мақсатында арнайы құрылған автономды оқу орындары. Олар мультимедиялық курстарды құруға мамандандырылған. Оқу ақысын студенттер жұмыс істейтін ұйымдар мен фирмалар толық төлейді. Мұндай ірі институт – Лондондағы ашық университет, оның негізінде соңғы жылдары Ұлыбританиядан ғана емес, Достастық елдерінен көптеген студенттер қашықтықтан оқиды.

Бесінші модель – оқытудың автономды жүйелерін қолдану. Мұндай жүйелер шеңберіндегі жаттығулар толығымен теледидарлық бейнежазбалар немесе радиобағдарламалар, сонымен қатар қосымша баспа құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Алтыншы модель – мультимедиялық бағдарламалар негізінде бейресми, интеграцияланған қашықтықтан оқыту. Мұндай бағдарламалар ересек аудиторияны, қандай да бір себептермен мектепті аяқтай алмаған адамдарды оқытуға бағытталған.

Қарастырылған қашықтықтан оқыту модельдерінің әрқайсысының тиімділігі пайдаланылатын материалдардың ұйымдастырушылық және әдістемелік сапасына, сондай-ақ осы процеске қатысқан оқытушының шеберлігіне байланысты.

Қашықтықтан оқытуды қолдану практикасында бірқатар артықшылықтар бар:

1. Кешкі және сырттай оқыту нысандарымен салыстырғанда кәсіптік білім берудің білім беру қызметтерінің төмен бағасымен жоғары тиімділігінің болуы.

2. Оқу уақытын қысқарту.

3. Отандық және шетел университеттерінде қатар білім алу мүмкіндіктері.

4. Студенттің университеттің географиялық орналасуынан тәуелсіздігі.

Кез-келген адам қашықтан білім ала алады.

Жас ерекшеліктері, аумақтық, білім беру, кәсіби шектеулер жоқ; денсаулыққа байланысты шектеулер жоқ.

Қашықтықтан оқыту студенттері сөздің дәстүрлі мағынасы бойынша студенттер ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушылары, сонымен қатар өз мамандарына корпоративті оқытуды қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметкерлері бола алады. Білім алғысы келетіндердің қатарында дәстүрлі топтамамен салыстырғанда қашықтықтан оқыту формасы ұсынылатын бірнеше топтар бар. Олар сабаққа қатаң белгіленген жерде және белгіленген уақытта бару қиынға соғатындар.

Оларға негізінен мыналар жатады:

1. Корпорациялардың өз ұйымдары ішінде, кейде жұмыс орындарынан шықпай-ақ қажетті оқудан, қайта даярлаудан және қайта даярлаудан өтуі мүмкін жұмыскерлері, бұл корпоративтік оқыту шығындарының деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

2. Университеттің студенттері, олар шалғай аудандарда тұрады, сондықтан білім беру және ғылыми орталықтардан географиялық жағынан алыс тұрады.

3. «Жас аналар» және отбасылық жағдайға байланысты үйде үнемі болатын, бірақ болашақта жұмысқа барып, білім алғысы келетін басқа адамдар.

4. Ауыр физикалық аурулардан зардап шегетін адамдар және денсаулығына байланысты өз үйлерінен шығуға шектеулері бар адамдар, олар монитордағы суретті көріп, пернетақта мен тінтуірмен жұмыс істей алса, оны қашықтықтан оқыту арқылы оқытуға болады.

Сонымен, бір жағынан, қашықтықтан оқытуды үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде қарастыру керек, оның жеке байланыстарының сабақтастығын болжау керек. Екінші жағынан, қашықтықтан оқытуды жүйе ретінде және процесс ретінде ажырату керек. Қашықтықтан оқыту курстары білім алушының іс-әрекетін мұқият және егжей-тегжейлі жоспарлауды, оны ұйымдастыруды, тапсырмалар мен оқу мақсаттарын нақты баяндауды, білім алушы мен оқытушының өзара әрекеттестігін, білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және топтық оқуға мүмкіндік беретін қажетті оқу материалдарын жеткізуді қамтиды.